

2011 жылға Тимирязев ауданы аумағында тұратын халықтың нысаналы тобына жататын тұлғалардың қосымша тізімін белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 27 сәуірдегі N 109 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 12 мамырда N 13-12-126 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы N 325 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық әкімдігінің 2011.12.21 N 325 Қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңының 5-бабы 2-тармағына, 7-бабы 2) тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы аумағында тұратын халықтың нысаналы тобына жататын тұлғалардың қосымша тізімі 2011 жылға белгіленсін :

- 1) 29 жасқа дейінгі жастар
- 2) 50 жастан жоғары тұлғалар
- 3) бір жылдан артық жұмыс істемейтін тұлғалар

2. «2010 жылға Тимирязев ауданы аумағында тұратын халықтың нысаналы тобына жататын тұлғалардың қосымша тізімін анықтау туралы» Тимирязев ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 8 желтоқсандағы № 235 қаулы күші жойылды деп тану (2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 13-12-97 нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2009 жылғы 26 желтоқсандағы № 52 «Көтерілген тың», 2009 жылғы 26 желтоқсандағы № 52 «Нива» газеттерінде жарияланған).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.Е. М а к е н о в а ға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Қасенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК